

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ХАТТАМАСЫ

(«Zoom» платформасында онлайн-форматта)

Астана қаласы

2024 жылғы 18 желтоқсан

Төрағалық еткен: Б.Ж. Тойкебаева

Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері: Ә.Қ. Болсамбеков, Н.О. Дулатбеков, Б.С. Дүйсембінов, Д. Рахметуллин, О.Т. Сыздыков., «Qosyl» арқылы онлайн режимде М.А. Әбенов, Д.О. Әбибуллаев, С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, И.О. Вранчев, Л.К. Жақыпова, Ж.З. Қосыбаев, А.Г. Орлова, Р.С. Ошақбаев, К.Х. Рахымбердин, О.Ю. Тарабукина, Д.Н. Тұрғанов, Б.Ж. Тойкебаева, Ә.Қ. Түгел, Ш.К. Хасанова, А.А. Саданов, Қ.С. Дүйсембеков.

Шақырылғандар: Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхаиров, Әкімшілік полиция комитеті Басқарма бастығының орынбасары А.А. Құрымбаев.

Участекілік полиция инспекторларының қызметі: тәжірибе, проблемалар, шешу жолдары

(Б.Ж. Тойкебаева, Ә.Қ. Болсамбеков, Р.В. Зулхаиров, Д. Рахметуллин, Ш.К. Хасанова, Ж.К. Ахметова, Ә.Қ. Түгел, М.А. Әбенов, Н.Н. Балабаева, Қ.Х. Рахымбердин, О.Ю. Тарабукина, О.Т. Сыздыков)

Қоғамдық тыңдауға қатысушыларға қоғамдық тыңдауды дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс комиссиясының төрағасы, Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі Б.Ж. Тойкебаева кіріспе сөз сөйлем, өткізілетін қоғамдық тыңдаудың мақсаттары мен міндеттері туралы айтты.

Содан кейін Қоғамдық кеңес мүшесі Ә.Қ. Болсамбеков құттықтау сөз сөйлем, участекілік полиция инспекторларының желісі бойынша тыңдау өткізудің маңыздылығы туралы айтты.

Бұдан әрі Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхаиров участекілік полиция инспекторларының қызметі бойынша комитеттің жұмыс нәтижелері туралы баяндама жасады.

Талқылау барысында іс-шараға қатысушылардан заңнамалық және практикалық сипаттағы құнды ұсыныстар келіп түсті, сондай-ақ олар участекілік полиция инспекторларының жұмысындағы кемшіліктерді атап етті.

Қоғамдық тыңдау нәтижелері бойынша Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Әкімшілік полиция комитетінің участекілік полиция инспекторларының жұмысын үйімдастыру қызметі жалпы уақыт талаптарына сәйкес деп танылсын.

2. Тыңдау барысында айтылған ұсынымдарды ескере отырып, қорытынды хаттама қабылдансын.

3. Қоғамдық тыңдаудың қорытынды хаттамасы Қазақстан Республикасы IIM-нің тиісті қызметтеріне жіберілсін.

Қоғамдық тыңдау және қабылданған шешім туралы ақпарат Қазақстан Республикасы IIM-нің интернет-порталында орналастырылсын.

Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңестің мүшесі

Б. Тойкебаева

Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес хатшысы

Қ. Елубаев